

3 тарау: «Ұлттық таным және мерекелер».

Сабақтың тақырыбы:
Ұлттық мерекелер. Айт қабыл болсын!

- **Оқыту мақсаты:**

- 1) Мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау
- 2) Мәтін құрауда есімше сөздерді стильдік қызметіне сай орынды қолдану.

- **Бағалау критерийлері:**

- 1) Автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтайды;
- 3) Мәтін құрауда есімше сөздерді стильдік қызметіне сай орынды қолданады.

- Жаңа сөздерді меңгерту. Оқушылар жұптасып, жаңа сөздердің мағынасымен танысады. Сәйкестендіреді.
- 1.Бойжеткен А) дәстүр аты
- 2.теңелу Ә)дәстүр
- 3.салт-дәстүр Б)бой түзеген қыз бала
- 4.Ұлыстың ұлы күні В)әдет-ғұрып
- 5.ұйқыашар Г)Наурыз мерекесі
- 6.рәсім Д)теңесу

Дескрипторы:

3-тапсырма: Берілген мәтіннен есімшеден болған етістіктер қатарын теріп жазу. Орыс тіліне аудару.

Наурыз-ұлттық мерекеміз

Наурыз - Жаңа жылдың басы. Бұл күн, яғни наурыз айының 21-нен 22-не қараған түні - аспан денелері өздерінің бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңеледі. Сондықтан халық санасында ол - Өз Наурыз деп аталады. Бұл күн - сонымен қатар жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы. Осы күннен бастап Жаңа жыл басталады. Адамның аузы аққа, малдың аузы көкке тие бастайды.

Наурыз күні наурыз көже пісіріледі. Әр үйдің дастарқанына ақтан (сүт тағамдары), көк ырыстан (дән тағамдары мен жеміс-жидектер) және қызылдан (еттен жасалатын тағамдар) жеті түрлі дәм қойылады.

Ұлыс - жақсы тілектер күні. Араздасқандар төс қағысып, татуласады. Бұл күнгі қайын ата мен келін, күйеу бала мен қайын ата арасындағы әзіл де жарасымды. Жастар алтыбақан құрып, тойдың сәнін кіргізеді. Бойжеткендер соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, ұнатқан жігіттеріне тартады. Бұл салт қазақта «ұйқыашар» аталады. Ұйқыашардың қарымтасына жігіттер «селтеткізер» рәсімін жасайды. Яғни қалауынша айна, тарақ, әтір суын сыйлайды. Айна - пәктіктің, жастықтың, тарақ - әдемілік пен сұлулықтың, ал иіссу - жаңа бүршігін жарған жауқазындай құлпыр деген белгі.

Дескриптор:

- *Берілген мәтіннен есімшеден болған етістіктер қатарын теріп жазады.*
- *Орыс тіліне аударады.*
- *Жаңа сөздердің мағынасымен танысып, сәйкестендіреді.*
- *Шашылған сөздерден жаңа сөйлем дұрыс құрастырады.*

Рефлексия

Сұрағым бар...
Есімде қалды...
Түсіндім...
Түсінбедім...

